# Торғай көтерілісі. Ұрпақтар тағзымы...

**1916 жылғы Ұлт азаттық көтеріліс қазақ тарихында ерекше орын алатын, ерекше аталатын құбылыс. Орыстың отаршылдық саясатына қарсылық білдіріп, патша өкіметі құлағанға шейін қолда бар қарумен азаттық үшес арпалысқан қазақ халқы үшін қанды жылдар болса да, дала ұландарының еркіндікке деген шексіз махаббатын талайға паш етіп, ұрпақтарға аманат еткен халық мінезі мен рухының айшықты көрінісі еді.**













Осынау тарихи маңызы зор халық көтерілісінің ірі ошақтары – Жетісу мен Торғай өңірі болғаны баршаға мәлім. Бұл тарихи оқиғаның 100-жылдық мерейтойының әлқиссасы біздің қаламызда, Арқалық төсінде басталды. Әрине, бұл қуанышты жағдай. Күні кеше қаламызда өңірге, жалпы қазаққа есімі жақсы таныс, тарихшы ғалым, Арқалықтың бұрынғы әкімі Берік ӘБДІҒАЛИҰЛЫ мұрындық болған іс-шаралар дүркіреп өтті. Атап айтсақ, «Торғай көтерілісі» тарихи мақалалар жинағының салтанатты тұсау-кесу кеші, Торғай көтерілісі басшыларының бірі, Нияз би ұрпағы Әбдіғапар хан Жанбосынұлының құрметіне ескерткіш тақтаның ашылуы, Торғайдағы ұлт-азаттық көтеріліс тақырыбын арқау еткен ғылыми конференциясы. Айта кету керек, аталған іс-шаралар мемлекет тарапынан емес, Берік Әбдіғалиұлы бастаған бір топ жеке тұлғалардың, тарихшылар қауымдасқізілді. Арқалықта бір күн болған топ әрі қарай Амангелді, Жанкелдин аудандарына ат басын тіреп, мерейтойды көтеріліс ошағы, киелі Торғай мен Амангелді жерінде жалғастырды.

«Торғай көтерілісі» атты тарихи мақалалар жинағы Ұлт азаттық көтерілістің ірі ошағы – Торғай өңірін...

...терілісі хақында баяндайды. Оған көптеген ғалымдардың, тарихи тұлғалар ұрпақтарының мақалалары мен естеліктері енген. Берік Әбдіғалиұлы кітаптың тұсауын кесерде, осы жинақтың жарыққа шығуына атсалысқан бір топ азаматтардың есімдерін атады. ...

...ханасының басшысы Алма Нұрманова, «Алюминстрой» ЖШС бас директоры Абай Мұқанов, кәсіпкерлер Нұрлан Жаманов, Бақыткерей Бимендин, және тағы басқа азаматтар демеушілік көрсетіп, кітаптың шығуына үлес қосқан. Кездесуде «Торғай көтерілісі» кітабы ...

...сондай-ақ жүзжылдыққа арнайы жасалған төсбелгілер табысталды.

Ұлт азаттық көтеріліс пен репрессия – бірімен-бірі сабақтасып жатқан құбылыстар. Түп төркінінде бір мақсат жатыр, ол қайсар жүректі қазақ халқын ұлт ретінде дербестігін ...

...күні аталып өтетін қаралы да қайғылы күн – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні жүзжылдықтың іс-шараларымен жалғасып кетті. Жазықсыз жапа шеккен жандардың рухына Құран бағыштап, гүл шоқтарын қоюға халық Ахмет Байтұрсынов ескерт-